



# МҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№30  
(2201)  
Сәрсенбі  
10 сәуір  
2024 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды мұсылман әлемінің ең бір қастерлі мерекесі – Ораза айт мейрамының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Қасиетті Рамазан айы аяқталғанын білдіретін бұл мереке – исламның ғасырлар бойғы игі дәстүрінің, оның маңызды рухани құндылығы болған кең пейілдің, жақсылық пен мейірімділіктің көрінісі.

Үш күн бойы тойланатын Ораза айт мейрамы – адамдарды бауырмалдық пен кішіпейілділікке, кешірімділікке шақыратын ұлық мереке. Рамазан айымен қимай қоштасып, келесі Рамазанға есендікте жетулерін тілейтін күн.

Қадірлі ағайын!

Халқымыздың бірлігі мен ынтымағы артып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, іргесі берік болсын!

Қасиетті Ораза айт ырыс-ынтымағымызды арттырып, шаңырағымызға бақ-береке, мол ырыс-дәулет әкелсін!



Ораза Айт құтты болсын!

**Ізгі ниетпен,  
Қазалы ауданының әкімі  
Мейрамбек Шермағамбет**

## ТАЗАЛЫҚ – ӘРКІМНІҢ ӨЗ АУЛАСЫНАН, ТАБАЛДЫРЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағамбеттің төрағалығымен аудандағы санитарлық тазалық жұмыстарына қатысты аппарат мәжілісі өтті. Жиынға аудан әкімі аппаратының қызметкерлері мен барлық дербес бөлім басшылары және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Мәжілісте орындаушылық тәртіп мәселесі қаралды. Бұл жөнінде аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп хабарлама жасап, хаттамалық тапсырмаларды өз деңгейінде орындамаған бөлімдер мен ауылдық округтерді атап көрсетті.

– Мен мәжіліс сайын тапсырмалардың мерзімінде әрі сапалы орындалуы керектігін үнемі айтып келемін. Дегенмен, орындаушылық тәртіпке қатысты бірқатар мәселе бар. Кейбір әкімдер мен бөлім басшылары тарапынан немқұрайлық байқалады. Осыған сәйкес бөлім басшыларына, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ, аппарат басшысына әрбір берілген тапсырманың өз деңгейінде орындалуын үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Мұнан соң аудандағы санитарлық тазалық және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жайлы әңгіме қозғалды. Бұл жөнінде аудан әкімі Әйтеке би кентінің санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында бөлінген 7 аймақта атқарылмаған кемшіліктерге тоқталып, жауаптыларды қатаң сынға алды.

– Әйтеке би кенті – ауданымыздың айнасы, оның айналасын үнемі таза ұстап отыру – баршамызға ортақ іс. Тазалық – әркімнің өз ауласынан, табалдырығынан басталады. Сондықтан әрбір тұрғын өз ауласын таза ұстауға, көркейтуге үлес қосуы керек.

Біз көшелерді қанша сәндеп-жөндегенмен, үйлердің қоршауы жөнделіп, сырланбаса мұның бәрі бекер екені белгілі, – деген аудан басшысы барлық мекемелер мен кәсіпорындары басшылары, кәсіпкерлік нысандардың иелері сенбі күнін күтіп отырмай, тазалық жұмыстарын үнемі жүргізулері қажет екенін жеткізді.

Сондай-ақ, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатовқа белгіленбеген орындарға қоқыс тастаған тұрғындарға заңдылыққа сәйкес шара көріп, бұл бойынша учаскелік полиция инспекторларының жұмысын күшейтуді тапсырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНДЕГІ СУ ДЕҢГЕЙІ БІРҚАЛЫПТЫ

Қазіргі таңда Сырдария өзеніндегі су деңгейі тұрақты. Сала мамандарының айтуынша, облыс аумағында су тасқынынан қауіп жоқ. Дегенмен, қазіргі су деңгейі салаға жауаптылардың күнделікті бақылауында. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Сырдария өзеніндегі су деңгейі туралы айтылып, облыстағы су тасқынының алдын алу шаралары сөз болды.

– Бүгінде Шардардан жоғары орналасқан су қоймаларындағы жинақталған судың көлемі - 12,205 млрд текше метрді құрап отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда - 812 млн метр кубқа кем. Шардара су қоймасындағы су көлемі 4 749 млн метр куб болса, қоймаға түсіп жатқан су көлемі секундына - 414 метр куб, ал төменге тасталып жатқан су көлемі секундына - 300 метр куб болып отыр. Сонымен қатар, Көксарай су реттегішіндегі су көлемі - 1 497,11 млн метр кубты құрап отыр. Қазіргі таңда Шардара су қоймасы мен

Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынды. Жергілікті атқарушы органдар мен су шаруашылығы ұйымдары бірлесіп, Сырдария өзеніндегі су деңгейіне күнделікті мониторинг жұмыстарын жүргізуде, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев.

– Облыс аумағында 6 су қоймасы бар. Оның бесеуі Жаңақорған ауданында, біреуі Аралда орналасқан. Бұл су қоймаларының екеуі, яғни Бесарық пен Жиделі су қоймасы республикалық меншікке тиесілі болса, үшеуі (Қыраш, Манап, Көлтоған) облыстық коммуналдық меншікте, ал, Құмсай су қоймасы Арал аудандық коммуналдық меншігіне кіреді. Бүгінде су қоймалары жеткілікті түрде су мен толтырылған. Барлық су қоймайларында су тасу қаупі жоқ. Біз су жағдайын күнделікті бақылауда ұстайтын боламыз, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының

орынбасары Қайрат Жансұлтанұлы.

– Облыс аумағындағы Сырдария өзенінде мұз толық ұстасты. Мұздың орташа қалыңдығы 15-30 см аралығын құрады. Ал, биыл облыс аумағында ауа райының жылы болуы себебінен 1 наурыздан 20 наурызға дейін Сырдария өзені мұздан толық тазарды. Өзенде сең жүру кезінде су деңгейінің төмендігі, ұстасқан мұздың қалыңдығы өткен жылмен салыстырғанда 1,5-2,0 есеге дейін жұқа болды. Сол себепті де су шаруашылығы нысандарына және елді мекендерге қауіп төнген жоқ. Қазіргі таңда Қызылорда облысы аумағында су тасқынынан қауіп жоқ. Ахуал тұрақты. Бүгінгі күні егістікке су алу науқанының жақындауына байланысты филиал тарапынан жерге дән себілгенге дейін шабындық жайылымдықтарды суландыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр, – деді «Қазсушар» РМК Қызылорда облысы филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаев.

## ӘЛІШЕВ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Сыр-ана талай таланттарды түлетті. Бағзы замандардың асыл мүлкі, қастерлі өнері қордаланған күрең топырақ бүгін де ересен есімдерге кенде емес. Қайраткер жазушы, журналист Әлмәмбет Әлішев солардың бірі.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дүкенбай Досжан Ә.Әлішевтің шығармашылығына арналған «Қайсарлық» атты мақаласында «Алматының саябағында салқындап, апорт алмасының дәмін мақтап, тиіп-қашты мақала жазып, азды-көпті табыс тауып жүре беруге ешқандай құқым жоқ... Қарақұмды жер жаннатына айналдырам деп көні кеуіп өлген бабам бүйтпес еді... Осы ой жан әлемін қамшы боп осқан, намысына пышақ жаныған Әлмәмбет қаладағы жайлы жұмысын тастап, туған жері Қазалыға қайтып оралды» – деген еді. Бұл Әлекеңнің топыраққа деген перзенттік махаббатын білдіретін бір нәзік сыр ғана.

Арада қанша жыл өтсе де ол осы күйінен айныған емес. Бар саналы ғұмырын кіндік қаны тамған Қазалыда өткізіп, өңірдің әдебиеті мен өнерінің жайын күйттеген Әлекең әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін үздік бітірген сонау 1966 жылдың жазында тіршілік жұмағының төрі – әсем Алматыда қалғанда, әлдеқашан-ақ Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанып, том-том кітабын шығарып, жұрт қатарлы зәулім сарай салғызып, дүнияуи атақтан тау тұрғызып алар еді. Оған таланты да, талғамы да жете тұрып, бейнеті белден сайын даладан сая таптырған қандай құдіретті күш деп таңырқайсың.

Тұлға ретінде Әлмәмбет Әлішевтің мынадай бес қырына тоқталу керек сияқты.

Әлмәмбет Әлішев – ақын, жазушы. Рас, ақындық өнермен түбегейлі айналыспағандықтан, күнделікті баспасөз беттерінде өлеңдері жарияланып тұрмағаннан кейін оны ақын ретінде білетіндер аз. Әйтсе де, Әлекеңнің әдебиет әлеміне аттаған алғашқы қадамы ақындық өнерден басталғанын қаперден шығармау шарт. 1957 жылы Қазалы аудандық «Социалды жол» газетінде «Мектебім» атты алғашқы өлеңі жарық көргенде ол он сегіздегі бозбала болатын. Ал 1960 жылы тұңғыш әңгімесі «Серт» республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарияланғанда балаларға арналған тырнақалды туындысына Өтебай Тұрманжанов, Сейтжан Омаров сияқты белгілі қаламгерлер пікір айтып, өлеңдеріне Асқар Тоқмағамбетов алғы сөз жазып, Зейнолла Шүкіров бата-

сын берген.

Алайда, Әлмәмбет Әлішевтің есімін дүйім жұртқа белгілі еткен 1970 жылы жарық көрген «Батыр болып тумайды» повесі. Содан кейінгі қырық жыл бедерінде қазақ руханияты жазушыны осы шығармасы арқылы біліп-танып келеді. Әйтпесе, жазушының сол повесін сан орап әкететін туындылары баршылық. Пешенесіне жазылған тағдыр-талайы осылай болса керек, әйтеуір, сөз өнері жазирасындағы Әлішевтің есімін осы шығармамен байланыстыру көптің әдетіне айналған.

1969 жылы «Совет Одағының Батырлары» сериясымен «Үрмәш Түктібаев» атты тұңғыш кітабы жарық көрген жазушының «Ат тұяғын тай басар», ал 1981 жылы «Бәйтеректің бұтағы» атты повестер жинағы жеке кітап болып шықты. Кейін «Иірім» атты романы мен «Ой орамдары» әдеби-философиялық толғаулар жинағы «Фолиант» баспасынан жарық көрді. Әрине, жазушы шығармаларындағы айтар ой, көркемдік кесте, бейнелеу тәсілдері, көтерілген мәселе, түрлі психологиялық иірімдер, адамның жаны мен кейіпкердің табиғатын суреттеудегі қайталанбас өрнектер туралы шағын лебіз көлемінде сарқып айту мүмкін болмас. Әйткені, оның әрқайсысы сан тарау әңгіме, бөлек хикаят. Ал бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде жазушының жеке шығармашылық зертханасы жан-жақты зерттеуге зәру екенін қадап айтуымыз керек. Өлкенің әдебиет тарихымен айналысып жүрген ғалымдардың қолға алуды қажет ететін шаруаларының бірі осы деп білеміз.

Әлмәмбет Әлішев – публицист, журналист. Пейіш Алматының төрінен туған жерге оралған жас журналист газет қызметіне араласқан соң өндіріп жаза бастайды. Қас талант күнделікті машық пен тынымсыз еңбек араласқан тұста дөдегелене түскен. Ол бас-аяғы бірнеше жылдың барысында өндіріп жазатын журналистке айналды.

Әлмәмбет Әлішевтің көтерген, араласқан, зерттеген тақырыптары да сан алуан. Қырмандағы қарапайым еңбеккерлер мен туған топырақтан түлеп ұшқан белгілі қоғам қайраткерлері, өлке тарихы мен тарихи тұлғалар, ақын, жыршылар туралы жазылған очерктері көптің көзайымына айналған, қаламгердің есімін ересен еткен. Сол заманның өзінде Әлекең былайғы фольклортанушы мамандардың өзі ойланыңқырап баратын қазақтағы эпикалық жыршылық үрдістің сан тарау мәселелерін қозғаған мақалалар жаза

бастағанын бүгінде біреу білсе, көпшілігіміз біле бермейміз. Мысалы, XX ғасырдың 70 жылдарының басында белгілі шайыр Нұртуған Кенжеғұлұлының туған жиені Жәмет жырау Сайымұлы туралы жазған мақаласындағы жыршы өнерін ұзақ уақыт бойы барлап зерттеу әдісіне қатысты мәселелер күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Осы мақаланың жарық көруінің өзі оңайға түспегенін, кейбір ұлтжанды редакторлар тарапынан да қарсылықтар болғанын айттып, қазір көп жұртты сендіру қиын шығар. Өкінішті болса да айтайық, кезінде тап осылай болғаны рас.

Ал 1962 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Қызға қырық үйден тыйым» атты мақаласы республика оқырмандарының арасында сілкіністі пікір тудырғандығы сонша, тек осы мақалаға қатысты редакцияға автордың пікірін қолдаған 300-ден аса хат келіпті. Журналистика мамандығы құпияларының бірі заман ағымын, қоғам тынысын тамыршыдай тап басу, ақпараттар тасқынын жеңіл, әрі көпке түсінікті тілде жеткізе білу. Әлмәмбеттің елге келгендегі көргені теңіздің құмшағылға, көгілдір телегейдің сор басқан өлі суға айналғаны. Жалынды жастың жаны жай таппай, тебірене жазған шағы да осы кезең. Көз алдында өтіп жатқан осы оқиғалар оны қайраткерлікке жетеледі.

Әлмәмбет Әлішев – қоғам қайраткері. 1988 жылдың сәуір айында «Қазақ әдебиеті» газетінде оның «Көңілде көп түйткіл бар» атты мақаласы жарық көрді. Онда Арал теңізінің тартыла бастағанынан туындаған экологиялық апат жағдайынан көршілес Қазалы ауданы халқының аралдықтардан да бетер зардап шегіп отырғаны айтылды. Әрине, мақаланы әсіре шамшылдықпен қабылдаған билік басындағылар шындықты айттың екен деп төрден орын бере қоймады. Бірақ одан тартынып, өзінің ұстанымын қолдан бере салған Әлекең жоқ. Керісінше, айтқан үстіне ширығып, ширыққан сайын шындала түсті.

Келесі жылы «Ішіп отырғанымыз су емес, у» атты сұхбаты «Алматы ақшамы»



газетінде басылды. Барлық дәлелдерін нақты мысалдармен көрсете отырып, Қазалыға іс-сапармен келген КСРО Еңбек министрінің орынбасары Гаврилов қатысқан жинаста сөз сөйлеген Әлішев Арал теңізі экологиясынан қазалылықтардың көріп отырған тауқыметін айтып, Аралдың халқына судың тапшылығы (за безводность) үшін 20 пайыз өтемақы қосылатынын, ал Қазалыда мұндай коэффициенттің қолданылмауы әділетсіздік екенін ерекше мәселе етіп қойды. Нәтижесінде 1989 жылдан бастап, Қазалының халқы үшін де осындай коэффициент төлене бастады. Әлекең бұдан кейін де қарап қалмады. Мерзімді баспасөздерде Арал қасіреті тақырыбына арнап көптеген мақалаларын тоғыта түсті.

1990 жылдың маусым айында Қызылорда қаласында КСРО Ғылым академиясының Арал мәселелері туралы өткен көшпелі сессиясында сөз сөйлеп, теңіздің тартылу себептерін, оны қайтадан қалпына келтіру, осы қасіреттен зардап шеккен Қазалы ауданының халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын жақсарту жайында өміршең мәселелерді биік мінберден қасқайып тұрып айтты. Ақыры қабылдануына белгілі қоғам қайраткері Ұзақбай Қараманов қолдау көрсеткен «Арал өңірін экология зардаптарынан қорғау туралы» Заңда Қазалы ауданы да Арал ауданымен теңестіріліп, жалпақ жұрттың жалақысына 50 пайыз коэффициент қосылды. Бұл қайраткер Әлішевтің ұстанған позициясының ерекше жеңісі еді.



## ӘЛІШЕВ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

(жалғасы)

Әлмәмбет Әлішев – патриот. Жазушыға артылатын уақыт жүгі жеңіл емес. Қаламгер ел тағдыры үшін де, ер тағдыры үшін де тебіренбей, толғанбай жүре алмайды. Бір кезде әдейілеп іздеп барғанда қайсар ақын Зейнолла Шүкіров Әлмәмбет інісінің адуынды жүріс-тұрысына, оттай жарқылдаған жанарына қарап, «Көптің сөзіне ерме, көптің жүрген жолына түспе, сендей жігіттің өз ізі, өз сүрлеуі болғаны жөн, әумин!» – деп, батасын беріпті. Зейнолла ақыннан бата алып, отансүйгіштік тақырыбына қалам тартуға бекінген ол әуелі Ұлы Отан соғысында 27 жасында оққа ұшқан Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев туралы шығарма жазу үшін деректер жинай бастаған. Сөйтіп, патриот Әлішев сонау Латвия жерінде елеусіз жатқан батыр ағасының қабірін тауып, өз қаржысымен әлденеше рет барып, Қорғаныс министрлігінде табанынан тозып, мұрағат көздерін ақтара жүріп, ақыр аяғында ағасының «Орман Түйтебаев» болып жаңсақ жазылып кеткен есімін қайта қалпына келтірді. Содан кейін «Үрмәш Түктібаев», ізінше «Батыр болып тумайды» атты кітаптарын жазды. Міне, қияндағы латыш жеріне барып, осындай ерлікке пара-пар жұмыс тындырған ағамызды өз елінің жанашыры, нағыз отансүйгіш патриоты дегенде кім дейміз?!

Әлмәмбет Әлішев – философ, өнерпаз. Атынан да көрініп тұрғандай, жазушының «Ой орамдары» кітабына Әлекеңнің әр кезеңдерде жазған философиялық ой-толғамдары енген. Былайша айтқанда, бұл еңбекті көпті көрген қайраткер-жазушының жүріп өткен өмір-өнер атты бұралаң жолынан сүзіп алған маңыз-мәйегі деуге болады.

Әлмәмбет Әлішев тілінің қазақы нәрі қою, аз жазса да саз жазатын, әрбір сөз бен сөз тіркесінің өзін жымдастырып, биік талғаммен қолдана білетін қаламгер. Академик жазушы, сөз өнерінің хас шебері Ғабит Мүсірепов 1985 жылы қазақ әдебиетіндегі тіл мәселесіне арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда жасаған баяндамасында тілге ерекше жауапкершілікпен қарайтын қаламгерлер қатарында Әлішевтің де есімін бөле-жара құрметпен атаған болатын. Бұл жазушыға берілген жоғары баға деп білеміз. Әлекең тілге ғана емес, тіршіліктегі барлық мәселелерге, қасиетті ұғымдар мен күнделікті қарым-қатынастар арасындағы көзге көріне бермейтін жайттардың бәріне асқан жауапкершілікпен қарайтын жан.

Ағамыз тәп-тәуір өнерпаз да. Сыр бойындағы күйшілік, жыршылық өнерге қатысты әңгімелердің бір тұйықталар тұсы осы кісіде. Алматыда жүрген кезінде Іле аудандық Мәдениет үйінде қазақ труппасын басқарған, Абай атындағы опера және балет театры сахнасында күй тартып, көрермен қошеметіне бөленген, Қазалыға келгеннен кейін теміржолшылар клубында домбырашылар ансамблін құрған Әлекеңді өлке өнерінің шежіресі деп ауыз толтырып айтуға болады.

Біздің қазіргі қоғам үлгі тұтар тұлғаларға тапшы. Ондай адамның кісілік келбеті, болмыс-бітімі, бағыт-бағдары, көзқарасы мен ой сарасы айқын болуы шарт. Аталмыш белгі-бедерлер қазіргі қазақ әдебиеті тарихынан әлдеқашан ойып орын алған қаламгер Әлмәмбет Әлішевтің табиғатынан табылады.

**Берік ЖҮСІПОВ,  
фольклортанушы**

## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтіп, оның игілігін бүкіл еліміз көруі үшін ауқымын кеңейтуді тапсырған болатын.

Қазіргі таңда еліміздің бүкіл өңірлерінде «Қарызсыз қоғам» жобасы бастау алды. Жобаның басты мақсаты – азаматтардың қаржылық сауатын арттыру.

Қаржылық сауат курсынан бүгінгі күнге дейін Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарының 64 мыңнан астам тұрғындары өткен.

Жобаның ауқымын кеңейту туралы тиісті органдармен арнайы меморандум әзірленді. Құжат аясында 9 мемлекеттік орган, 12 банк, Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы және Микроқаржы ұйымдарының қауымдастығы жобаны іске асыруға қосылды. Азаматтарға консультациялық көмек көрсету үшін барлық өңірде «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселері құрылды.

«Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылық кур-

стары еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып, 200 мыңға жуық адамды оқыту жоспарлануда. Курста 90 күннен артық мерзімі өткен қарызы бар адамдарға басымдық берілетін болады.

«Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушылары қаржы кеңесшілерінің дәрістерінен бөлек, enbek.kz порталына тіркелу мен ЖК ашудан бастап, соттан тыс банкроттықты сүйемелдеу және берешекті өтеу кестесін жасауға дейінгі көптеген сұрақ бойынша кеңес ала алады.

Сондай-ақ, оқу процесіне қатысушыларға заңгерлердің де көмегі беріледі. Олар әр қарыз алушының несиелік тарихын жеке зерттейді және қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша кеңес береді.

Курсқа жазылу үшін тұрғылықты жері бойынша «AMANAT» партиясының облыстық, қалалық, аудандық филиалдарына немесе өңірлерде ашылатын «Қарызсыз қоғам» жобалық кеңселеріне хабарласуға болады.

Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады.

Дәрістің ұзақтығы 5 жұмыс күні. Дәрістердің өтетін мерзімдері мен орындары бойынша қосымша ақпараттар ұсынылады.

2024 жылы еліміздің барлық өңірінде 200 мың адам қаражатқа жауапкершілікпен қарап, табысты арттырудың әдіс-тәсілін үйренеді. Бұған қоса, мектеп, колледж және жоғары оқу орнына арналған оқу құралдары әзірленеді. Бұл қадам 100 мыңға жуық студент пен 450 мың жоғары сынып оқушыларының сауатын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқыту шеңберінде: қаржы сарапшылары жеке консультациялар өткізеді,

қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі, білікті заң көмегін ала аласыз және тағы басқа.

Оқыту толығымен тегін! Өтінімдер «AMANAT» партиясының Қазалы аудандық филиалында қабылданады.

Қосымша сұрақтар бойынша 87025648282 ұялы байланыс нөміріне хабарласуға болады.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК!

Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Осыған сәйкес аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын, «Сыбайлас жемқорлық түлекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің және аудан әкімдігінің қаулыларын басшылыққа алып, орындау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Ай сайын бөлім қызметкерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайын талқылау, арыз шағымдарды қабылдау, тіркеу заңдылықтарының сақталуы, заңдылықтардың орындалу барысы туралы мәселелер талқыланып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған тиісті жұмыстар атқарылуда.

Бөлім қызметкерлері қызметтерін

орындауда сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіп, қызметкерлердің функционалдық міндеттерін атқару барысында «Мүдделер қақтығысын» болдырмау үшін түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады.

Бөлімде мемлекеттік қызметтің 15 түрі көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтер мемлекеттік мекеме арқылы, мемлекеттік корпорация арқылы, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы қабылданып, заң шеңберінде жұмыстар жүргізіледі.

Бөлімнің қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақытылы анықтау үшін, мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жәшік орнатылған.

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының нормаларын қатаң сақтау бойынша ай сайын мемлекеттік қызметкерлердің қатысуымен Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі, Бюджет кодексі, «Аз қамтамасыз етілген отбасыларына тұрғын үй көмегін беру туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу туралы» қағидаларын және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» кодексін түсіндіру мақсатында тұрақты түрде құқықтық оқулар өткізіліп келеді.

Алдағы уақытта да бөлімде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы жүргізіп жатқан жұмыстарына ай сайын ішкі талдау шараларын жүргізіп, олардың алдын алуына бағытталған нақты шаралар жүргізілетін болады.

**«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## МҮГЕДЕКТИГІ БАР АДАМДАРҒА – ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПОРТАЛЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Әлеуметтік қызметтер порталы бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға арнаулы қызметтер мен техникалық оңалту құралдарын сатып алуға мүмкіндік беретін жүйе.

Әлеуметтік қызмет порталы мүгедектігі бар адамдардың ыңғайлылығы мен ұсынылатын қызметтердің және техникалық оңалту құралдарының сапасын жақсарту үшін енгізіледі. Порталдың артықшылығымен тиімді тұсын айтатын болсақ әлеуметтік қызмет порталы мемлекетіміздегі мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған.

Ең алдымен техникалық оңалту құралдарының және арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға арналған биз-

нес –процестердің мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қызметтер мен оңалту құралдарын алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келу мәселелерін шешеді.

Бұл ретте, мүгедектігі бар адамдар тауар мен қызметтік қажеттің түрін өз бетінше таңдай алу құқығына ие.

Сонымен қатар мүгедектігі бар адамдардың өтініштеріне сәйкес техникалық жабдықтар мен оңалту қызметтерінің белгіленген құнын өтеу механизмі көзделген.

Аталған әлеуметтік қызмет порталы арқылы арнаулы әлеуметтік қызмет, оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, ымдау тілі маманының, жеке көмекші, санаторлық – курорттық емделу

қызметін алуға болады.

Сонымен қатар техникалық оңалту құралдары: оның ішінде: жейде, колготки, шұлық киюге, түйме тағуға арналған құрылғы, белсенді ұстағыш, ыдыс –аяқ, қақпақты ашуға, кілтке арналған ұстағыш, сөз шығаратын тонометр, термометр, жолақшасы бар глюкометр, брайль қарпін өз бетімен үйренуге сөйлейтін құрал, бариль алмалы- салмалы әліппесі, ине сабақтағыштар, сіңіргіш жайма, кататер, паста гермитик, қорғаныш крем, сіңіргіш ұнтақ – опа, иісті бейтараптандырғыш, теріні тазартқыш, санитарлы құрылғысы бар санитарлы кресло орындық, дәретханаға, жуынатын бөлмеге арналған тіреуіш, протездік- ортопедиялық, дыбыстық техникалық тифлотехникалық

және сурдотехникалық, гигиеналық құралдар кресло- арбалар қызметтерін әлеуметтік қызмет порталы арқылы алуға болады.

Әлеуметтік қызмет порталына тіркелу үшін ең алдымен мүгедектігі бар адамдар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету орталығына жеке куәлігімен барып электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) алуы қажет.

Әлеуметтік қызметтер порталына қосылу e.gov.kz электронды үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады.

**Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

● Маманның кеңесі

## КЕНЕДЕН ТАРАЙТЫН КЕСЕЛДЕН САҚТАНАЙЫҚ !

Күн жылт етіп жылынып, көктем шығысымен аса қауіпті жұқпалы аурулар тобына жататын Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының эпидемиологиялық маусымы басталады. Яғни, осы кезде табиғатта кенелер саны тез көбейіп, олардың ішіндегі ауру тасымалдаушы кенелер адам денсаулығына қауіп туғызады. Олар кеміргіштердің індерінен жер бетіне шығып, жануарлар мен адамдарға шабуыл жасай бастайды.

Адамдарға вирус кененің тікелей шағуы, малдарды кенеден қолмен тазарту, жүнін қырку кезінде және КҚГҚ-мен ауырған адамды күтубарысында жұғады. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы немесе көкала – табиғи ошақтық аса қауіпті жұқпалы вирусты инфекция. Бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуында – 30-70% аралығында.

Ауруды қоздырушы вирустың табиғат пен жануарлар арасында айналысқа түсуіне байланысты медицинада қазіргі таңда ауруды мүлде жойып жіберу мүмкін болмай отыр. Алдын алатын вакцина да жоқ.

Біздің ауданымыздың тұрғындары негізінен, мал шаруашылығымен айналысатындықтан, КҚГҚ-сының табиғи ошақтары бар елді- мекендерде аурудың кездесу ықтималдығы да өте жоғары болып саналады.

Кене шаққанда өзінің сілекейімен арнайы фермент бөледі, сол себепті көпшілік жағдайда кененің шаққаны

білінбейді. Денеге жабысқан кенені байқаған кезде жақын орналасқан емхана немесе ауруханаға медкөмекке жүгіну керек. Қорғалмаған қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз! Кенені жалаң қолмен және бірден жұлып алуға болмайды, өйткені кененің тұмсығы қалып қойып, орны ірідеп, жара болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша кенені қарапайым медициналық қысқышпен (пинцетпен) немесе резина қолғап киіп, тұмсығына жақын жай қысып ұстап, шайқамай, бұрамай тарту керек, езіп алмау керек! Ал қысқыш болмаған жағдайда қарапайым жіппен тұмсығының түбінен орап жәймен тартып алу керек. Шаққан орнын иод ертіндісімен немесе спиртпен залалсыздандыру қажет. Кенені шыны ыдысқа салып, медициналық мекемеге өзімен бірге апару керек (қажетті жағдайда кене зерттеледі) немесе Ұлттық сараптама орталығының Қызылорда облыстық филиалына тапсырып, ақылы түрде зерттеуге болады.

Аудан бойынша белсенді табиғи ошақтары бар елді- мекендерде осы аурудың алдын -алу шаралары жыл сайын жүйелі түрде қолға алынууда. КҚГҚ-на қолайсыз елді- мекендерде мал бастарына және малдың қора-жайларына кенеге қарсы өңдеу жүргізіліп, сондай-ақ КҚГҚ бойынша қолайсыз елді- мекендердің айналасына санитариялық қорғау аймақтарын құру арқылы жүзеге

асырылуда.

КҚГҚ-сы ауруының алдын- алу мақсатында атқарылатын басты іс-шаралар мыналар болып табылады:

Біріншіден, вирусты кенеден адамға жұқтырмау шарасы, оған кене шақпау үшін сақтандыру киімін қолдану (жеңі ұзын жейде, шалбар); кенені тез табылуға көмек беретін ақшыл түсті киімді кию; кенеге қарсы пре- паратты қолдану; кененің бар екенін тексеріп өзді-өздерін қарау; малдардың кенеленбеуін қарастыру, кенеге қарсы пре- параттарды қолдану; кенесі көп аудандарға кенелердің өте белсенділігі кезінде негізсіз бар- мау шаралары;

Екіншіден, малдан адамға жұқтырмау шараларын қарастыру, оған жануарларға күтім жасағанда (баққан, сауған кезде және тағы басқа), жануарларды мүшелеген, сойған, тасымалдаған және өткізген кезде олардың қанымен, терісімен, ұлпаларымен жанасқанда сақтандыру киімдерін пайдалану.

Үшіншіден, адамнан адамға жұғу қаупін азайту, оған науқаспен қатынаста болған жеке адамдардың және медицина қызметкерлері тарапынан жұқтырмау шараларын қарастыру, ауру күткенде арнайы медициналық киімдерді пайдалану, жеке басының гигиенасын сақтау болып табылады.

Ашық аумақта болғанда (табиғат аясында демалғанда және тағы басқа), қансыраған науқас адаммен жанасқанда ауру жұқтыру қаупі көбейеді.

Ал егер, жоғарыда көрсетілген жағдайдан кейін адам өз-өзін нашар сезінгенде және дененің қызуы көтерілгенде, кем дегенде бас және бұлшық еттер ауырғанда, жүрек айнығанда, лоқсу сезімі пайда болғанда, іш ауырғанда немесе іші өткенде, яғни, аурудың алғашқы белгілері кезінде дереу медицина мекемелеріне қаралуы қажет.

Аурудың алдын-алсаңыз, қаупі де азаяды, сондықтан сақтанып жүрейік!

**П.ӘБДИЕВА,**  
**ҚР ДСМ СЭБК**  
**«Ұлттық сараптама орталығы»**  
**ШЖҚ РМК**  
**Қызылорда облысы**  
**бойынша филиалының**  
**Қазалы аудандық**  
**санитариялық-эпидемиологиялық**  
**қызметінің маманы**

2024 жылдың 15 сәуір күні сағат 16:00-де аудандық мәслихаттың кезектен тыс XIX сессиясы шақырылады. Сессияның күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1.«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы кезекті XI сессиясының №128 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2. Ағымдағы мәселелер. Сонымен бірге, сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

**Қазалы аудандық мәслихатының аппараты**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.